



ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА:

Әлеуметтік, волонтерлік және қайырымдылық жобалар туралы материалдармен жұмыс істеген кездегі этика және сезімталдық

Әлеуметтік, волонтерлік және қайырымдылық жобалары саласындағы журналистика ерекше жауапкершілік пен сезімталдықты талап етеді. Этика және сезімталдық мәселелері әлеуметтік маңызды жобаларды жариялау кезінде маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жадынама сізге халықты ақпараттандыру мен адамға және оның хикаясына/өміріне құрмет көрсету арасындағы тепе-теңдікті сақтауға, қоғамдағы маңызды тақырыптарды қабылдауға үлес қоса алатын адал, құрметті және терең материалдар жасауға мүмкіндік береді.

1. Тақырып пен контекстті зерттеңіз

Материалмен жұмыс жасамас бұрын, қарастырылып отырған жобаның ерекшелігін, оның мақсаттары мен нәтижелерін зерттеңіз. Ұйымның тарихымен және оның мүшелерімен танысыңыз.

Мәдени, әлеуметтік және экономикалық жағдайларды зерттеңіз. Бұл стереотиптер мен біржақтылықтан аулақ болуға көмектеседі.

2. Адамға деген құрмет

Құпиялылықты сақтаңыз. Қатысушылардың жеке өміріне құқығын құрметтеңіз. Олардың келісімінсіз есімдерді, фотосуреттерді немесе басқа жеке ақпаратты жарияламаңыз. Сондай-ақ, жұмыс барысында адамды, мысалы, артқы жағынан, қолынан, оның тұлғасын анықтауға мүмкіндік бермейтін кадрларды түсіруге болады. Ең жақсы нұсқа - жазбаша рұқсат алу.

Адамдардың жеке өмірін құрметтеңіз және олардың беделіне немесе қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін ақпаратты жариялаудан аулақ болыңыз.

Әрқашан рұқсат алыңыз. Жобаға қатысушылармен сөйлескен кезде әрқашан олардан сұхбат алуға және олардың әңгімелерін пайдалануға рұқсат сұраңыз. Ең жақсы нұсқа - жазбаша рұқсат алу.

Қажет болған жағдайда, жобаға қатысты рөліңізді және ықтимал мүдделер қақтығысын түсіндіріңіз.

3. Сезімтал тілді қолданыңыз

Стигматизация мен стереотиптерден аулақ болыңыз. Өз ойларыңызды инклюзивті және бейтарап сөйлеу арқылы білдіріңіз. Адамдарды ренжітуі немесе осал етуі мүмкін терминдерден, сөздерден аулақ болыңыз. Мысалы, даун, колясочник.

Метафоралар мен сіз қолданатын әңгімелеу тәсілдерінде мұқият болыңыз. Олар ақпаратты дұрыс емес қабылдауды тудырмауы керек. Сөздердің нақты және дұрыс конструкцияларын қолданыңыз. Драматизация жасамаңыз.



4. Адал және объективті болыңыз

Өзіңіздің материалдарыңызда әртүрлі көзқарастарды беріңіз. Тақырыптарды жағымды және жағымсыз жақтардан көрсетіңіз. Көзқарастардың тепе-теңдігін сақтаңыз.

Ақпаратты тексеріңіз. Оның дәл және шындыққа сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Дұрыс емес ақпарат адамдарға және жобаға зиян тигізуі мүмкін.

5. Қатысу және серіктестік. Жобалармен өзара әрекеттесу

Мүмкіндігінше әлеуметтік жобалар туралы тереңірек хабардар болу және оларды түсіну үшін аймақтарыңыздағы ұйымдармен, жоба қатысушыларымен ынтымақтасыңыз.

Біз әлеуметтік салада көптеген мәселелер бар екенін түсінеміз, сонымен бірге көптеген жағымды мысалдардың барын да ұмытпауымыз қажет. Көмек пен қолдаудың әсерін көрсететін сәтті жобалар мен бағдарламаларды қамтуға тырысыңыз.

Кез келген жағдайда тараптардың әрқайсысы тең екенін ұмытпаңыз. Адам тұлғасын ол тап болған өмірлік қиын жағдайдан ажырата біліңіз.

6. Мүмкін болатын салдарлар туралы ұмытпаңыз

Сіздің материалдарыңыз адамдар мен әлеуметтік жобаларға қалай әсер ететінін біліңіз. Материалдарды дайындау кезінде сіздің жарияланымдарыңыздың ықтимал салдары туралы ойланыңыз.

Журналист ретіндегі жауапкершілігіңізді әрқашан есте сақтаңыз. Журналистік этика туралы біліміңізді үнемі жаңартып отырыңыз, әсіресе әлеуметтік мәселелермен жұмыс аясында.

Егер сіз осал топтардың алдында тұрған мәселелер туралы материал дайындасаңыз, көмек және қолдау мүмкіндіктері мен ресурстар туралы ақпарат беріңіз.

7. Эксплуатациялық тәсілден аулақ болыңыз

Сенсация немесе қорқыту, кінәні манипуляциялау және аяушылық сезімдерін тудыратын ауыр әңгімелер мен суреттерді пайдаланбаңыз. Материалдарыңызда үміт пен өзгеріс сияқты жағымды жақтарға назар аударыңыз.

«Ұлттық волонтерлік желісі» ЗТБ



+7 708 706 4242



+7 708 706 4242



@kz_nvs

